- асқазанның ішіндегі заттың аспирациясы

Гематологиялық аурулар

- идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура
- гемолиздік анемия (аутоиммундық)

Онкологиялық аурулар

- лейкемия (жедел және лимфалық)
- қатерлі лимфома

Асқазан-ішек жолының аурулары

- ойық жаралы колит
- Крон ауруы

Қолдануға басқа да көрсетілімдер

- туберкулездік менингит (туберкулезге қарсы тиісті химиотерапиямен біріккен)
- трансплантация

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың белсенді затына немесе кез келген қосымша затына аса жоғары сезімталдық
- жүйелік зеңдік инфекциялар
- жүйелік инфекциялар, егер инфекцияға қарсы арнайы ем пайдаланылмаса
- сирек тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, тұқым қуалайтын Ларр-лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактоза мальабсорбциясы синдромы бар адамдарға

– кортикостероидтардың иммуносупрессиялық дозасын қабылдап жүрген пациенттерге тірі немесе тірі аттенуирленген вакциналарды енгізуге болмайды

Қолдану кезінде қажетті сақтық шаралары

Метилпреднизолон Вива Фарм препаратын қабылдағанға дейін дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Метилпреднизолон — негізінен СҮР3А4 ферментімен метаболизденетін Р450 (СҮР) цитохромы ферменттерінің субстраты. СҮР3А4 — ересек адамның бауырындағы өте кең таралған СҮР қосымша түрінің негізгі ферменті. Ол эндогендік және синтетикалық ГКС-тің I фазасының елеулі маңызды кезеңі болып табылатын стероидтардың 6-β-гидроксилденуін катализдейді. Көптеген басқа қосылыстар да СҮР3А4 субстраттары болып табылады, олардың кейбіреулері үшін (басқа да дәрілік заттар үшін) олардың ГКС метаболизміне СҮР3А4 ферментін индукциялау немесе тежеу жолымен ықпалын тигізуге қабілетті екендігін көрсетті.

Антибиотиктер, туберкулезге қарсы препараттар (рифампин, рифабутин) және эпилепсияға қарсы дәрілер (фенобарбитал, фенитоин, примидон)

СҮР3А4 изоферментінің индукторлары – СҮР3А4 изоферментін индукциялайтын препараттар, әдетте бауырлық клиренсті арттырады, бұл әдетте СҮР3А4 изоферментінің субстраттары болып табылатын препараттардың плазмалық концентрациясының төмендеуіне әкеледі. Бір мезгілде қолданған кезде қажетті әсерге қол жеткізу үшін метилпреднизолонның дозасын арттыру қажет етілуі мүмкін.

Эпилепсияға қарсы дәрілер (карбамазепин)

СҮР3А4 изоферментінің субстраттары – СҮР3А4 изоферментінің басқа субстратымен бір мезгілде қолданғанда метилпреднизолонның бауырлық клиренсіне ықпалын тигізуі мүмкін, мұндай жағдайда дозаны тиісінше түзету қажет. Препараттардың біреуін пайдаланумен байланысты жағымсыз құбылыстар бір мезгілде қолданған кезде жиі туындауы ықтимал.

Антибиотиктер-макролидтер (тролеандомицин), грейпфрут шырыны, кальций антагонисі (мибефрадил), H2-гистаминдік рецепторлардың антагонисі (циметидин) және бактерияға қарсы препарат (изониазид)

СҮР3А4 изоферментінің тежегіштері - СҮР3А4 изоферментін бәсеңдететін препараттар, жалпы, бауырлық клиренсті төмендетеді және СҮР3А4 изоферменті субстраттарының, мысалы, метилпреднизолонның плазмалық концентрациясын арттырады. СҮР3А4 изоферменті тежегішімен бір мезгілде қолданғанда стероидтық уыттылыққа жол бермеу үшін метилпреднизолонның дозасын түзету керек болуы мүмкін.

Құсуға қарсы препараттар (апрепитант, фосапрепитант), зеңге қарсы препараттар (итраконазол, кетоконазол), «баяу» кальций өзекшелерінің блокаторлары (дилтиазем), ұрықтануға қарсы дәрілер/ішуге арналған (этинилэстрадиол/норетиндрон), иммунодепрессанттар (циклоспорин),

макролидтік антибиотиктер (klarитромицин, эритромицин), вирустарға қарсы препараттар (аитв протеазасы тежегіштері) және фармакокинетикалық күшейткіштер (кобицистат)

CYP3A4 изоферментінің субстраттары – CYP3A4 изоферментінің басқа субстратымен бір мезгілде қолданғанда метилпреднизолонның бауырлық клиренсіне ықпалын тигізуі мүмкін, мұндай жағдайда дозаны тиісінше түзету қажет.

Препараттардың біреуін пайдаланумен байланысты жағымсыз құбылыстар бір мезгілде қолданған кезде жиі туындауы ықтимал. Зат алмасудың өзара тежелуі циклоспоринді және метилпреднизолонды бір мезгілде қолданған кезде болады, бұл бір немесе екі препараттың да концентрациясын арттыруы мүмкін. Сондықтан бір ғана дәріні пайдаланумен байланысты жағымсыз құбылыстар оны бірге енгізген кезде туындауы мүмкін. АИТВ протеазаның, индинавир және ритонавир сияқты тежегіштері қан плазмасындағы кортикостероидтардың концентрациясын арттыруы мүмкін. Кортикостероидтар АИТВ протеаза тежегіштерінің метаболизмін күшейтуі мүмкін, ол қан плазмасындағы концентрацияның төмендеуіне әкелетін болады.

Иммунодепрессанттар (циклофосфамид, такролимус)

CYP3A4 субстраттары – басқа CYP3A4 субстраттарының қатысуымен метилпреднизолонның бауырлық клиренсіне ықпалын тигізуі мүмкін, сонымен қатар дозаны қажетінше түзету талап етіледі. Препараттардың біреуін пайдаланумен байланысты жағымсыз құбылыстар, сірә, бірге қолданған кезде болуы мүмкін.

ҚҚСП (аспириннің жоғары дозасы), антихолинэргиялық дәрілер (жүйке-бұлшықет блокаторлары), антихолинэстераздық дәрілер, диабетке қарсы (гипогликемиялық) препараттар, пероральді антикоагулянттар, қан плазмасындағы калий концентрациясын төмендететін препараттар және ароматаза тежегіштері (аминоглутетимид)

Кортикостероидтарды ҚҚСП-пен бір мезгілде қолданғанда асқазан-ішектік қан кетулер және ойықжаралану қаупі ұлғаюы мүмкін.

Метилпреднизолон жоғары дозаларда қабылданатын аспирина клиренсін арттыруы мүмкін, бұл салицилаттар деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар қан плазмасындағы салицилаттар концентрациясының төмендеуі метилпреднизолонды қабылдауды тоқтатқан кезде салицилаттардың уыттылық қаупінің жоғарылауына әкеп соғуы мүмкін.

Жоғары дозаларда кортикостероидтарды және жүйке-бұлшықет блокаторлары сияқты антихолинэргиялық заттарды бір мезгілде қолданғанда жедел миопатиялар жөнінде мәлімделді (*Айрықша нұсқаулар. Тірек-қимыл аппаратының аурулары бөліміндегі қосымша ақпаратты қараңыз*).

Кортикостероидтарды қабылдап жүрген пациенттерде панкуронийдің және векуронийдің жүйке-бұлшықеттік бөгейтін әсерлерінің антагонизмі жөнінде мәлімделді. Осы өзара әрекеттесуді оны барлық бәсекелесуге

қабілетті жүйке-бұлшықет блокаторларымен бірге қолданғанда күтуге болады.

Стероидтар gravis миастениясы бар пациенттерде холинэстераза тежегіштерінің әсерін төмендетуі мүмкін.

Кортикостероидтар қан плазмасында глюкозаның концентрациясын арттыруы мүмкін болғандықтан, диабетке қарсы препараттардың дозасын түзеткен жөн.

Кумарин антикоагулянттарының тиімділігі кортикостероидтармен бір мезгілде емдеу арқылы күшейтілуі мүмкін, сондай-ақ халықаралық қалыпқа келтіру коэффициентіне (ХҚК) немесе кездейсоқ қан кетулерге жол бермеу үшін протромбин уақытына мұқият мониторинг жүргізу қажет етіледі.

Кортикостероидтарды қан плазмасында калий концентрациясын төмендететін препараттармен (мысалы, диуретиктермен) бір мезгілде қолданғанда гипокалиемияның дамуы тұрғысында пациенттерді мұқият бақылау керек.

Сондай-ақ кортикостероидтарды В амфотерицинмен, ксантиндермен немесе β 2-агонистермен бір мезгілде қолданғанда гипокалиемияның жоғары даму қаупі бар екендігін ескерген жөн.

Аминоглутетимидпен индукцияланған бүйрекүсті бездері функциясының басылуы глюкокортикоидтармен ұзақ емдеу әсерінен туындайтын эндокриндік өзгерулерге кедергі жасауы мүмкін.

Арнайы ескертулер

Иммунодепрессанттардан кейінгі бұзылыстар/инфекцияларға жоғары сезімталдық

Кортикостероидтар инфекцияларға сезімталдықты арттыруы мүмкін, инфекцияның кейбір белгілерін бүркемелеуі және оларды қолданған кезде жаңа инфекциялар пайда болуы мүмкін. Қабыну реакциясының және иммундық функцияның басылуы зеңдік, вирустық және бактериялық инфекцияларға сезімталдықты және олардың ауырлық дәрежесін арттырады. Клиникалық көрінісі көбіне өзіне тән болмауы және оны айырып танығанша үдемелі сатыларға жетуі мүмкін. Иммундық жүйені басатын препараттарды қабылдап жүрген науқастар, сау адамдарға қарағанда, инфекцияларға көбірек бейім келеді. Мысалы, желшешек және қызылша иммунизация жасалмаған балаларда және кортикостероидтарды қабылдап жүрген ересектерде өліммен аяқталуға дейін өте ауыр түрде өтуі мүмкін. Желшешек жоғары назар аударуды талап етеді, өйткені бұл жеңіл ауру әдетте иммунитеті әлсіз пациенттерде фатальді болып шығуы мүмкін. Анамнезінде желшешек жоқ пациенттерге (немесе балалардың ата-аналарына) желшешек жұқтырған немесе белдемелі теміреткісі бар тұлғалармен жақын қарым - қатынаста болуға жол бермеу ұсынылады, оларды жұқтырған жағдайда шұғыл медициналық жәрдем алуға барған жөн. Желшешек/зостер иммуноглобулинмен пассивті иммунизация жүйелік кортикостероидтарды қабылдап жүрген және олар бұның алдындағы 3 ай ішінде қолданған, инфекцияны жұқтырған, иммунизация

жасалмаған пациенттерге қажет, иммунизацияны желшешекті жұқтырғаннан кейін 10 күн ішінде жүргізу қажет. Егер желшешек диагнозы анықталса, онда ауру мамандандырылған жәрдемді және шұғыл емдеуді қажет етеді. Кортикостероидтармен емдеуді тоқтатпау керек және дозаны арттыру қажет етілуі мүмкін.

Қызылшаны жұқтыруға жол бермеген жөн. Жұқтырған жағдайда дереу медициналық кеңес алу керек. Бұлшықетішілік қалыпты иммуноглобулинмен профилактика қажет болуы мүмкін. Осыған ұқсас, кортикостероидтарды стронгилоидтың (ішек угрицасы) жұғуы сияқты белгілі немесе күмәнді паразиттік инфекциялары бар пациенттерге үлкен сақтықпен пайдаланған жөн, ол стронгилоидпен гиперинфекцияға және ауыр энтероколитпен және потенциалды түрде өлімге әкелетін грамтеріс сепсиспен қатар жүретін балаңқұрт миграциясының кеңінен таралуына әкеп соғуы мүмкін.

Кортикостероидтарды иммунодепрессиялық әсер беретін дозаларда қабылдап жүрген пациенттерге тірі және аттенуирленген тірі вакциналарды енгізуге болмайды. Антиденелердің басқа вакциналарға реакциясы төмендеуі мүмкін.

Кортикостероидтарды белсенді туберкулезде қолдануды фульминантты немесе диссеминацияланған туберкулез жағдайларында шектеген жөн, мұнда ауруды емдеу үшін кортикостероидтарды туберкулезге қарсы тиісті еммен біріктіріп қолданады. Егер кортикостероидтар жасырын туберкулезі бар немесе оң туберкулин сынамалары бар пациенттерге тағайындалса, онда емдеуді дәрігерлік қатаң бақылаумен жүргізу керек, өйткені үдерісте реактивация болуы мүмкін. Кортикостероидтармен ұзақ емдеген кезде, мұндай пациенттер тиісті химиопрофилактикалық ем қабылдаулары тиіс.

Кортикостероидтармен ем қабылдап жүрген пациенттерде Капош саркомасының даму жағдайлары білінді. Кортикостероидтарды қабылдауды тоқтатқан кезде клиникалық ремиссия басталуы мүмкін. Сепсистік шокта кортикостероидтардың тиімділігі күмәнді, өйткені ерте жүргізілген зерттеулер мұның жағымды да, сонымен қатар жағымсыз да зардаптары жөнінде мәлімдеген. Бүйрекүсті бездерінің жеткіліксіздігі байқалатын, сепсистік шок анықталған пациенттер үшін жақында қосымша кортикостероидтар ұсынылды. Алайда сепсистік шокта әдеттегідей пайдалану ұсынылмайды. Препаратты жоғары дозаларда қысқа курспен қолдануға жүйелі шолу жасаудың нәтижелері оны мұндай режимде қолдану мүмкіндігін қаламайды. Алайда мета-талдау және шолу нәтижелері бойынша, кортикостероидтарды төмен дозаларда ұзақ курспен (5-11 күн) қолдану өлім-жітімді азайтуы мүмкін деп жорамалданады.

Иммундық жүйенің бұзылыстары

Кортикостероидтармен ем қабылдап жүрген пациенттерде тері реакцияларының және анафилаксиялық/анафилактоидтық реакциялардың сирек жағдайлары кездесетін болғандықтан, препаратты қолданар алдында әсіресе анамнезінде дәрілік заттарға аллергиялық реакциялар бар пациенттерде сақтық шараларын қабылдаған жөн.

Эндокриндік бұзылыстар

Әдеттен тыс күйзеліске ұшыраған және кортикостероидтық ем қабылдап жүрген пациенттерде күйзеліс жағдайына дейін, күйзеліс кезінде және одан кейін тез әсер ететін кортикостероидтардың дозасын арттыру көрсетілген.

Ұзақ емдеу кезінде бүйрекүсті бездері қыртысының атрофиясы дамиды және емдеуді тоқтатқаннан кейін бірнеше ай бойы сақталуы мүмкін. Жүйелік кортикостероидтарды 3 апта бойы, физиологиялық дозаларға карағанда, көбірек дозаларда (шамамен 6 мг метилпреднизолон) қабылдаған пациенттерде препарат қабылдау күрт тоқтатылмауы тиіс. Дозаны төмендету, қадағалағанымыздай, аурудың жүйелік кортикостероидтардың дозасын төмендетуге орай, аурудың көбіне қайталануы мүмкін екендігіне-еместігіне байланысты. Емдеуді тоқтату кезінде аурудың белсенділігіне клиникалық баға беру қажет болуы мүмкін. Егер жүйелік кортикостероидтарды қабылдауды тоқтатқанмен, аурудың қайталануы екіталай болса, онда гипоталамус-гипофизарлы-бүйрекүсті безі жүйесінің супрессиясына қатысты екіұштылықтың бар болғаны, жүйелік кортикостероид дозасы физиологиялық дозаға дейін тез төмендетілуі мүмкін. Метилпреднизолонның тәуліктік дозасы қалай 6 мг-ге жеткізіледі, гипоталамус-гипофизарлы-бүйрекүсті безі жүйесі қалпына келуі үшін дозаны төмендету солай баяуырақ жүргізілуі тиіс. 3 аптаға дейін жалғасқан кортикостероидтармен жүйелік емдеуді күрт тоқтату, егер аурудың қайталануы екіталай деп саналса, мақсатқа сай болып табылады. 3 апта ішінде метилпреднизолонды күніне 32 мг-ге дейін күрт тоқтатудың пациенттердің көбісінде гипоталамды-гипофизарлы-бүйрекүсті безі жүйесінің клиникалық тұрғыдан маңызды супрессиясына әкелуі екіталай. Пациенттердің келесі топтарында ұзақтығы 3 аптаға немесе одан азға дейінгі курсы қабылдағаннан кейін де кортикостероидтармен жүйелік емдеуді біртіндеп тоқтатуды ескерген жөн:

- Әсіресе 3 аптадан астам қабылдаған кезде жүйелік кортикостероидтардың курстары қайталанған пациенттерде.
- Ұзақ емдеуді (айлар немесе жылдар) тоқтатқаннан кейін бір жыл ішінде қысқа курс тағайындалған кезде.
- Кортикостероидтармен экзогендік емдеуден басқа, бүйрекүсті безі функциясының жеткіліксіздігі үшін себеп болуы мүмкін пациенттерде. Бұдан басқа, өліммен аяқталуға әкелуі мүмкін бүйрекүсті безі функциясының жедел жеткіліксіздігі глюкокортикоидтарды қабылдауды күрт тоқтатқан кезде туындауы мүмкін.
- Жүйелік кортикостероидтарды метилпреднизолонды күніне 32 мг-ден көбірек дозаларда қабылдап жүрген пациенттерде.
- Дозаны кешке қайталап қабылдап жүрген пациенттерде.

Стероидтарды қабылдауды, сірә, бүйрек функциясының жеткіліксіздігіне жатпайтын, «тоқтату» синдромы глюкокортикоидтарды қабылдауды күрт тоқтату салдарынан да туындауы мүмкін. Осы синдром анорексия,

жүректің айнуы, құсу, летаргия, бас ауыру, қызба, буындардың ауыруы, терінің түлеуі, миалгия, дене салмағының төмендеуі және/немесе гипотензия сияқты симптомдарды қамтиды. Осы әсерлер, қан плазмасындағы кортикостероидтар концентрациясының төмендеу себебінен емес, қан плазмасындағы глюкокортикоидтар концентрацияларының күрт құбылуымен байланысты туындауы мүмкін деп жорамалданады. Глюкокортикоидтар Иценко-Кушинг синдромының клиникалық көріністерін туындатуы немесе күшейтуі мүмкін, сондықтан Иценко-Кушинг ауруы бар пациенттерде глюкокортикоидтарды қолдануға жол бермеген жөн. Гипотиреозы бар пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды қолдануды қарастырған кезде аса сақтық қажет етіледі, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау керек.

Метаболизм және тамақтану бұзылыстары

Кортикостероидтар, метилпреднизолонды қоса, қандағы глюкоза концентрациясының артуына, пациенттерде бұрыннан бар қант диабеті барысының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін және ұзақ емдеу аясында қант диабетіне бейімділікке әкелуі мүмкін.

Қант диабеті бар (немесе отбасылық тарихының анамнезінде диабеті бар) пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды қолдануды қарастырған кезде аса сақтық қажет, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау керек.

Психикалық бұзылыстар

Жүйелік стероидтарды қолданған кезде потенциалды ауыр психикалық жағымсыз реакциялардың туындауы мүмкін екендігінен пациенттерді және/немесе туыстарын алдын ала хабардар еткен жөн (*Жағымсыз әсерлері* бөлімін қараңыз). Симптомдар әдетте емдеуді бастағаннан кейін бірнеше күннен немесе аптадан соң көрініс береді. Жоғары дозаларда/жүйелік әсерлерде, дозаның деңгейі реакциялардың басталуын, типін, ауырлығын немесе ұзақтығын болжауға мүмкіндік бермесе де, қауіп жоғары болуы мүмкін (сондай-ақ *Дәрілермен өзара әрекеттесуі* бөлімін қараңыз). Спецификалық емдеуді қажет етуі мүмкін екендігіне қарамастан, дозаны төмендеткеннен кейін, немесе препарат қабылдауды тоқтатқаннан кейін реакциялардың көпшілігі жоғалады. Пациенттің психологиялық статусында өзгерістер пайда болған жағдайда (әсіресе депрессиялық жайт және суицидтік әрекеттер дамыған кезде) медициналық жәрдем алуы қажеттігін пациенттерге және/немесе олардың туыстарына алдын ала ескерту керек.

Жүйелік стероидтарды қабылдауды толық тоқтату кезінде немесе тоқтатқаннан кейін психикалық бұзылулардың дамуы мүмкін екендігінен, мұндай реакциялар жөнінде жиі мәлімделмесе де, пациенттерді және/немесе туыстарын алдын ала хабардар еткен жөн.

Аффективті бұзылыстардың ауыр жағдайлары бар немесе мұның алдында болу тарихы көрсетілген пациенттерге немесе туыстығы жағынан бірінші дәрежедегі туысқандарына жүйелік кортиостероидтарды пайдалануды қарастырған кезде аса сақтық таныту қажет етіледі. Бұл науқастарға

депрессиялық немесе маниакальді-депрессиялық ауру және бұның алдында болған стероидты психоз жатады.

Жүйке жүйесінің бұзылыстары

Құрысу бұзылыстары және миастениялары бар (миопия жөнінде *Қаңқа-бұлышкетке әсерлері* бөлімінде сипатталған) пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды пайдалануды қарастырған кезде аса сақтық таныту қажет, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау керек. Кортикостероидтарды қабылдап жүрген пациенттерде, әдетте жоғары дозалармен ұзақ емдеген кезде, эпидуральді липоматоздың дамығаны жөнінде мәлімдемелер бар.

Офтальмологиялық бұзылыстар

Глаукомасы (немесе отбасылық анамнезінде глаукомасы бар) және окулярлық қарапайым герпесі бар пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды пайдаланған кезде аса назар аударылуы керек, өйткені мөлдір қабықтың тесілу қаупі бар, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау керек.

Кортикостероидтарды ұзақ уақыт пайдалану артқы субкапсулярлық катарактаның және ядролық катарактаның (әсіресе балаларда), экзофтальмнің немесе көзішілік жоғары қысымның пайда болуына әкеледі, бұл көру жүйкесін зақымдауы мүмкін глаукомаға әкеп соғуы мүмкін.

Көздің салдарлық зендік және вирустық инфекциялары глюкокортикоидтарды қабылдап жүрген пациенттерде күшеюі мүмкін.

Кортикостероидтармен емдеу орталық серозды хориоретинопатияның дамуына әкеледі, ал ол өз кезегінде торқабықтың қыртыстануына әкелуі мүмкін.

Жүректік асқынулар

Глюкокортикоидтардың жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан дислипидемия және гипертония сияқты жағымсыз реакциялары жүрек-қантамыр аурулары бар пациенттерде препараттың жоғары дозаларын қолданған және ұзақ уақыт емдеген жағдайда жаңа реакцияларды өршітуі мүмкін. Осыған байланысты, жүрек-қантамыр ауруларына бейім пациенттерде кортикостероидтарды абайлап қолдану және жүрек-қантамыр жүйесінің жай-күйіне қосымша мониторинг жүргізуге аса көңіл бөлу керек.

Төмен доза және алма-кезек ауыспалы күндізгі ем кортикостероидтармен емдеген кездегі асқынулар жиілігін төмендетуі мүмкін.

Жүйелік кортикостероидтарды жүректің іркілген жеткіліксіздігі жағдайларында аса қажет болған жағдайларда ғана абайлап пайдалану керек. Жақын арада миокард инфарктісін алған (миокардтың үзілгені жөнінде мәлімделген) пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды қолдануды қарастырғанда аса сақтық таныту қажет етіледі, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау керек. Дигоксин сияқты кардиобелсенді препараттарды қабылдап жүрген пациенттерге, стероидтардан/калийді жоғалту әсерінен электролиттер бұзылатын болғандықтан, абайлап тағайындаған жөн (*Жағымсыз әсерлері* бөлімін қараңыз).

Тромбоздар, ВТЭ қоса, кортикостероидтарды қолдануымен тіркелді. Осылайша, кортикостероидтарды тромбоэмболиялық ауруы бар немесе оған бейім пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Қантамырлық асқынулар

Келесі жайттар орын алған пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды пайдалануды қарастырған кезде аса сақтық таныту қажет етіледі, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау қажет:

- гипертензия
- тромбофлебитке бейімділік

Кортикостероидтарды қолданған кезде веналық тромбоэмболияны қоса, тромбоз жағдайлары жөнінде мәлімделді. Сондықтан кортикостероидтарды қазіргі кезде тромбоэмболиялық асқынулары бар немесе осы асқынуларға бейімділігі бар пациенттерге сақтықпен қолданған жөн.

Асқазан-ішектік асқынулар

Кортикостероидтарды жоғары дозаларда қолдану жедел панкреатиттің дамуына әкелуі мүмкін.

Келесі жайттар орын алған пациенттерде жүйелік кортикостероидтарды пайдалануды қарастырған кезде аса сақтық таныту қажет етіледі, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау қажет:

- пептикалық ойық жара
- ішектік жаңа анастомоздар
- абсцесс немесе басқа да ірінді инфекциялар
- ойық жаралы колит
- дивертикулит

Глюкокортикоидтық ем перитонитті немесе асқазан-ішек жолының бұзылыстарымен байланысты, мысалы, тесілу, обструкция немесе панкреатит сияқты басқа да белгілерді немесе симптомдарды бүркемелеуі мүмкін. ҚҚСП-пен біріктіргенде асқазан-ішек жолында ойық жаралардың даму қаупі ұлғаяды.

Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылыстар

Бауыр функциясының жеткіліксіздігі немесе циррозы бар пациенттерге жүйелік кортикостероидтарды пайдаланған кезде аса көңіл бөлген жөн, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау қажет. Сирек гепатобилиарлық бұзылыстар жөнінде мәлімделді, көп жағдайда олар емдеуді тоқтатқаннан кейін қайтымды болды, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау қажет.

Тірек-қимыл аппаратының аурулары

Кортикостероидтардың жоғары дозаларын қолданған кезде, әсіресе жүйке-бұлшықет берілімі бұзылған (мысалы, gravis миастенияда) пациенттерде немесе шеткері миорелаксанттар сияқты (мысалы, панкуроний бромиді) антихолинергиялық дәрілерді бір мезгілде қабылдап жүрген пациенттерде жедел миопатия өте жиі дамиды. Мұндай жедел миопатия жайылған сипатқа ие, көз бұлшықеттерін және тыныс алу жүйесін зақымдауы мүмкін, квадрипарездің дамуына әкелуі мүмкін. Креатинкиназа деңгейін

арттыруы мүмкін. Мұндайда кортикостероидтарды қабылдауды тоқтатқаннан кейін көп апта өткен соң немесе тіпті бірнеше жылдан соң клиникалық жақсару немесе сауығу болуы мүмкін. Остеопорозы бар пациенттерде (әсіресе әйелдерде климакстен кейінгі кезеңде) жүйелік кортикостероидтарды қолдануды қарастырғанда аса сақтық қажет етіледі, сонымен қатар пациенттерді жиі бақылау қажет.

Бүйрек бұзылыстары

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде жүйелі кортикостероидтарды пайдалануды қарастырған кезде ерекше сақтық қажет, жүйелі склерозы бар пациенттерде сақтықты көрсеткен жөн, себебі (өліммен аяқталуы мүмкін) метилпреднизолонды қоса алғанда, кортикостероидтардың төмендеуі байқалды. Демек, қан қысымы және бүйрек функциясы (s-креатинин) үнемі тексерілуі тиіс. Бүйрек дағдарысы күдікті болса, артериялық қысымды мұқият бақылау керек.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде кортикостероидтарды сақтықпен қолдану керек.

Зерттеулер

Гидрокортизон мен кортизонның орташа және жоғары дозалары артериялық қысымды арттыруы, натрий мен судың кідіруін және калийдің шығарылуын арттыруы мүмкін. Мұндай әсерлер сирек және синтетикалық туындылардың жоғары дозаларында ғана пайда болады. Тұзды қолдану, калий азайтылуы және қосылуы мүмкін. Барлық кортикостероидтар кальций секрециясын арттырады.

Жарақаттар, уланулар және ем-шаралық асқынулар

Жүйелік кортикостероидтар, соның ішінде Метилпреднизолон Вива Фарм препараты мидың жарақаттан зақымдануын емдеу үшін көрсетілмеген және қолданылмауы тиіс.

Басқа да бұзылыстар

Ең аз уақыт кезеңі ішінде тиімді ең төмен дозаны пайдаланғанда және бір реттік таңертеңгілік доза түріндегі немесе алма-кезек ауыспалы емдеу күндері, мүмкіндігінше, таңертеңгілік бір доза түріндегі тәуліктік көлемді қолдану жолымен жағымсыз әсерлер барынша төменге азайтылуы мүмкін. Пациентті жиі тексеруге орай ауру белсенділігін басу үшін дозаны тиісінше титрлеу қажет болады (*Қолдану тәсілі және дозалары* бөлімін қараңыз).

Пациенттерде стероидты ем бойынша қауіпті барынша ең төменге жеткізуге арналған шаралар жөнінде және препаратты тағайындау, дозалау және емдеу ұзақтығы жөнінде нақты ақпарат беретін карточкалар түріндегі нұсқаулар болуы тиіс. Құрамында кобицистат бар өнімдерді қоса, СҮРЗА тежегіштерімен бірге емдеу жүйелік жағымсыз әсерлердің қаупін арттырады деп күтіледі. Егер пайдасы кортикостероидтардың жүйелік жоғары жағымсыз әсерлерінен басым болса, осы біріктірілімге жол бермеген жөн, және мұндай жағдайда пациенттерде кортикостероидтардың жүйелік жағымсыз әсерлерін бақылаған жөн (*Дәрілермен өзара әрекеттесуі* бөлімін қараңыз).

Аспирин және қабынуға қарсы стероидты емес дәрілерді кортикостероидтармен біріктіргенде сақтықпен пайдаланған жөн. Кортикостероидтармен, соның ішінде метилпреднизолонмен жүйелік ем қабылдаған, феохромоцитомадан зардап шегіп жүрген пациенттерде криздердің дамыған жағдайлары (соның ішінде өліммен аяқталған) жөнінде мәлімделген. Феохромоцитома диагнозына күдігі бар немесе ол айғақталған пациенттерде кортикостероидтарды, оның қауіпі/пайдасы арақатынасына мұқият баға берілгеннен кейін ғана, қолданған жөн.

Балалар

Кортикостероидтар сәбилік, балалық және жастық кезеңде бойдың өсуінің кідіруін туындатады. Сәбилер мен балаларды ұзақ уақыт емдеген кезде пациенттерді бойдың қалыпты өсуі және дамуы тұрғысында мұқият бақылаған жөн. Емдеу ең жоғары ықтимал уақыт кезеңі ішінде барынша ең аз дозамен шектелуі тиіс. Гипоталамус-гипофизарлы-бүйрекүсті діңінің супрессиясын және бойдың өсуінің кідіруін барынша ең төменге жеткізу үшін, алма-кезек ауыспалы емдеу күндері емді, мүмкіндігінше, бір реттік доза түрінде қолдану керек (*Қолдану тәсілі және дозалары* бөлімін қараңыз). Препаратпен ұзақ ем қабылдап жүрген сәбилер және балалар бассүйекішілік гипертензияның даму қауіпі жоғары топта болады. Метилпреднизолонның жоғары дозаларын қолдану балаларда панкреатиттің дамуына әкелуі мүмкін.

Егде жастағы адамдарға қолдану

Жүйелік кортикостероидтардың жалпы жағымсыз әсерлері қартайғанда өте күрделі зардаптармен, әсіресе остеопорозбен, гипертониямен, гипокалиемиямен, диабетпен, инфекцияларға сезімталдықпен және терінің жұқаруымен байланысты болуы мүмкін. Өмірге қауіпті реакцияларға жол бермеу үшін мұқият клиникалық бақылау қажет болады.

Препараттың құрамындағы заттар жөнінде ескерту

Препараттың құрамында лактоза бар. Сирек тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, тұқым қуалайтын Ларр-лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактоза мальабсорбциясы синдромы бар пациенттер бұл препаратты қабылдамауы тиіс.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Жүктілік

Кортикостероидтардың плацента арқылы өтуге қабілеттілігі жекелеген препараттарға байланысты өзгеріп отырады, алайда метилпреднизолон плацента арқылы өтеді. Туған кезде дене салмағының төмен болу қауіпі, сірә, дозаға байланысты және кортикостероидтардың өте төмен дозаларын қолдану арқылы барынша азайтылуы мүмкін. Жүктілік кезінде ұзақ уақыт немесе көп реттік қолданғанда кортикостероидтар жатыршылық өсудің кідіру қауіпін арттырады. Жүктілік кезінде кортикостероидтардың елеулі дозасын қабылдаған аналардан туған балалар, бүйрекүсті бездерінің гиподисфункциясының мүмкін болатын симптомдарын анықтау мақсатында, мұқият тексерілуі тиіс. Бүйрекүсті бездерінің гиподисфункциясы кортикостероидтардың пренатальді әсер етуінен кейін жаңа туған

нәрестелерде теориялық тұрғыдан кездесуі мүмкін, бірақ әдетте туғаннан кейін өздігінен жоғалады және клиникалық тұрғыдан маңыздылығы сирек. Метилпреднизолонның адамда ұрпақ өрбіту функциясына ықпалына тиісті зерттеулер жүргізілмегендіктен, метилпреднизолонды қолданудың ықтимал зиянын жоққа шығаруға болмайды, сондықтан жүктілік кезінде немесе жүкті болуды жоспарлап жүрген әйелдерде, препаратты анасына қолданудың күтілетін емдік пайдасы ана мен шаранаға теріс ықпалын тигізу қаупінен басым болған жағдайда ғана, осы препаратты қабылдау көрсетілген. Жүктілік кезінде кортикостероидтармен ұзақ емделген аналардан туған нәрестелерде катаракта байқалған.

Бала емізу

Кортикостероидтар емшек сүтімен аздаған мөлшерде бөлініп шығады, алайда метилпреднизолонның күніне 40 мг-ға дейінгі дозасының нәрестеде жүйелік әсерлерді туындатуы екіталай. Анасы көрсетілген мөлшерден көбірек жоғары дозаларды қабылдаған нәрестелерде бүйрекүсті бездерінің супрессиясы болуы мүмкін. Бұл дәрілік препаратты ана және нәресте үшін пайда/қаупі арақатынасына мұқият баға берілгеннен кейін ғана емшек емізу кезінде пайдаланған жөн.

Дәрілік препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Кортикостероидтардың машиналарды басқару немесе оларды жүйелі түрде пайдалану қабілетіне ықпалына баға берілген жоқ. Кортикостероидтармен емдеуден кейін бас айналу, көрудің нашарлауы және шаршау сияқты жағымсыз әсерлер болуы мүмкін. Егер осындай әсерлер байқалса, онда пациенттер машиналарды және механизмдерді жүргізбеуі немесе басқармауы тиіс.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Төменде кестеде берілген, дозалау жөніндегі нұсқаулар бастапқы тәуліктік дозалар ретінде ұсынылады және нұсқаулар ретінде белгіленген. Ұсынылатын тәуліктік орташа жалпы доза бір реттік доза ретінде, немесе бөлінген дозалар ретінде (алма-кезек ауыспалы күндізгі емді қоспағанда, тиімді ең төмен екі еселенген доза күнара таңертеңгі сағат 8-де қабылданады) тағайындалуы мүмкін. Жағымсыз әсерлері ең аз кезең ішінде тиімді ең төмен дозаны пайдалану арқылы барынша ең азға жеткізілуі мүмкін (*Айрықша нұсқаулар* бөлімін қараңыз).

Алма-кезек ауыспалы ем

Алма-кезек ауыспалы ем – бұл метилпреднизолонның екі еселенген тәуліктік дозасын күнара таңертең қабылдағандағы дозалану режимі. Мұндай емнің мақсаты препаратты ұзақ уақыт қабылдап жүрген науқаста ең жоғары клиникалық әсерге қол жеткізу, және сонымен қатар кейбір жағымсыз әсерлерді барынша ең төменге жеткізу болып табылады.

Дозаның басым көпшілігінің бастапқы деңгейі емделіп жатқан жайтқа байланысты өзгертілуі мүмкін. Бұл қанағаттанарлық клиникалық жауап

алынғанша жалғастырылады, әдетте бұл кезең ревматизм аурулары жағдайында (жедел ревматизмдік кардитті қоспағанда), теріге немесе тыныс алу жолдарына және офтальмологиялық ауруларға ықпалын тигізетін аллергиялық жағдайларда үштен жеті күнге дейінді құрайды. Егер қанағаттанарлық жауап жеті күн ішінде алынбаса, бастапқы диагнозды айғақтау үшін жағдайға қайталап баға беру қажет. Қанағаттанарлық клиникалық жауап алыну бойына тәуліктік доза жедел жай-күйлер жағдайында (мысалы, маусымдық демікпе, эксфолиативті дерматит, жедел окулярлық қабынулар) емдеуді тоқатқанға дейін, немесе созылмалы жағдайларда (мысалы, ревматоидтық артрит, жүйелік қызыл жегі, бронх демікпесі, атопиялық дерматит) демеуші доза тиімді ең төмен деңгейге дейін жеткенше біртіндеп тоқтатылуы тиіс. Созылмалы жағдайларда және ревматоидтық артритте дозаны бастапқы деңгейден клиникалық тұрғыдан қолайлы ретінде демеуші дозаға дейін жеткізіп төмендету аса маңызды. 7-10 күн аралықпен 2 мг асырмай қысқарту ұсынылады. Ревматоидтық артритте стероидтармен демеуші емдеу барынша ыңғайлы ең төмен деңгейде болуы тиіс. Алма-кезек ауыспалы күндізгі емдеу кортикостероидтарға тәуліктік ең төмен қажеттілік екі еселенеді және күнара таңертеңгі сағат 8-де бір реттік доза ретінде қабылданады. Дозалауға талаптар емделіп жатқан жайтқа және пациенттің реакциясына байланысты.

Пациенттердің ерекше топтары

Егде жастағы пациенттер

Егде жастағы пациенттерді емдеу, атап айтқанда ұзақ мерзімдік емдеу, егде жаста кортикостероидтардың жалпы жағымсыз әсерлерінің, әсіресе остеопороздың, диабеттің, гипертонияның, инфекцияларға сезімталдықтың және терінің жұқаруының өте ауыр зардаптарын ескере отырып, жоспарлануы тиіс (*Айрықша нұсқаулар* бөлімін қараңыз).

Балалар

Жалпы алғанда, балалар үшін доза клиникалық жауапқа негізделуі тиіс және дәрігердің қарауымен тағайындалады. Емдеу қысқа уақыт кезеңі ішінде ең төмен дозалармен шектелуі тиіс. Егер мүмкін болса, емдеуді алма-кезек ауыспалы ем күндерінде бір реттік доза түрінде тағайындау керек (*Айрықша нұсқаулар* бөлімін қараңыз).

Дозалау жөнінде нұсқаулар:

Қолданылуы	Ұсынылатын бастапқы тәуліктік доза
Ревматизмдік артрит:	
Ауыр	12 – 16 мг
Орташа ауыр	8 – 12 мг
Орташа	4 – 8 мг
Балаларда	4 – 8 мг
Жүйелік дерматомиозит	48 мг
Жүйелік қызыл жегі	20 – 100 мг
Жедел ревматизмдік қызба	1 апта бойы ЭТЖ қалыпқа келгенше

	48 мг
Аллергиялық аурулар	12 - 40 мг
Бронх демікпесі	бір қабылдауға 64 мг дейін немесе алма-кезек ауыспалы ем күніне ең жоғары 100 мг дейін
Офтальмологиялық аурулар	12 - 40 мг
Гематологиялық аурулар және лейкемия	16 - 100 мг
Қатерлі лимфома	16 - 100 мг
Ойық жаралы колит	16 - 60 мг
Крон ауруы	өршігенде тәулігіне 48 мг дейін
Ағзалар трансплантациясы	тәулігіне 3,6 мг/кг дейін
Өкпе саркоидозы	алма-кезек ауыспалы емдеу күнінде 32 - 48 мг
Аса ірі жасушалық артериит/ ревматизмдік полимиалгия	64 мг
Кәдімгі күлбіреуік	80 - 360 мг

Артық дозалану кезінде қажетті қолдану шаралары

Метилпреднизолонды қолдану күрт тоқтатылмауы тиіс, бірақ белгілі бір уақыт кезеңі ішінде төмендетілуі керек. Айқын болуы мүмкін кез келген жағымсыз әсерден туындаған симптомдарды жеңілдету үшін тиісті шараларды қабылдау қажет. Артық дозаланудан кейін екі жыл ішінде туындаған жарақаттан кейінгі кезең ішінде пациентті кортикостероидтармен демеу қажет болуы мүмкін. Препараттың жедел артық дозалануының клиникалық синдромы сипатталмаған. Глюкокортикоидтар артық дозаланғанда болатын жедел уыттылық және/немесе өлім жағдайлары жөнінде мәлімдемелер өте сирек. Спецификалық антидоты жоқ.

Емі: демеуші, симптомдық. Метилпреднизолон диализ кезінде шығарылады.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілі бойынша медициналық қызметкерден кеңес алу ұсыныстар

Егер Сіз дәрілік препараттың қолдану тәсілін түсінбесеңіз, медициналық қызметкерден кеңес алуды кеңес береміз.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс табатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдануы керек шаралар (қажет болса)

Жағымсыз құбылыстардың жиілігін анықтау келесі критерийлерге сәйкес жүргізіледі: *өте жиі* ($\geq 1/10$), *жиі* ($\geq 1/100 - < 1/10$ дейін), *жиі емес* ($\geq 1/1000 - < 1/100$ дейін), *сирек* ($\geq 1/10000 - < 1/1000$ дейін), *өте сирек* ($< 1/10000$), *белгісіз* (қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес)

Жиі

Инфекциялық және паразиттік аурулар:

– инфекция (клиникалық симптомдар мен белгілердің басылуымен жоғары сезімталдықты және инфекцияның ауырлығын қоса)

Эндокриндік бұзылулар:

– кушингоидтық жағдайдың дамуы

Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар:

– натрийдің іркілуі, сұйықтықтың іркілуі

Психиканың бұзылулары:

– аффективті бұзылыс (соның ішінде депрессиялық көңіл-күй және эйфориялық көңіл-күй)

Көру ағзалары тарапынан бұзылулар:

– катаракта

Қантамырлар тарапынан бұзылулар:

– гипертензия

Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар:

– ойық жара ауруы (пептикалық ойық жараның ықтимал тесілуімен және қан құйылумен бірге)

Тері және теріасты тіндері тарапынан бұзылулар:

– тері атрофиясы, акне

Қаңқа-бұлшықет және дәнекер тіндері тарапынан бұзылулар:

– бұлшықет әлсіздігі, бойдың өсуінің кідіруі

Жалпы бұзылыстар:

– жазылудың нашарлауы

Зерттеулер:

– қандағы калий деңгейінің төмендеуі

Белгісіз

Инфекциялық және паразиттік аурулар:

– оппортунистік инфекция, «ұйқыдағы» туберкулездің қайталануы, перитонит

Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар:

– лейкоцитоз

Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар:

– дәрілік аса жоғары сезімталдық, анафилаксиялық реакция, анафилактоидтық реакция

Эндокриндік бұзылулар:

– гипопитуитаризм

Қатерсіз, қатерлі және нақтыланбаған жаңа түзілімдер, кистаны және полиптерді қоса:

– Капоши саркомасы

Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар:

– метаболизмдік ацидоз, гипокалиемиялық алкалоз, дислипидемия, глюкозаға төзімділіктің бұзылуы, инсулинге қажеттіліктің жоғарылауы (немесе диабеттен зардап шегетіндерде пероральді гипогликемиялық дәрілер), липоматоз, тәбеттің ұлғаюы, эпидуральді липоматоз

Психиканың бұзылулары:

- психикалық бұзылыстар (соның ішінде мания, иллюзиялар, елестеулер және шизофрения), психоздық мінез-құлық, аффективті бұзылыс (аффективті құбылмалылықты, психологиялық тәуелділікті, суицидтік ойларды қоса), мінездің өзгеруі, құбылмалы жай-күй, мазасыздық, көңіл-күйдің түсіп кетуі, мінез-құлықтың ауытқуы, ұйқысыздық, ашушаңдық

Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар:

- бассүйекішілік қысымның артуы (көру жүйкесі дискісінің ісінуімен бірге [идиопатиялық бассүйекішілік гипертензия]), естен танулар, амнезия, когнитивтік бұзылыстар, бас айналу, бас ауыру

Көру мүшелері тарапынан бұзылулар:

- глаукома, экзофтальм, тамырлық жұқару, ақ қабықтың ыдырауы, хориоретинопатия

Есту мүшелері және тепе-теңдік тарапынан бұзылулар:

- вертиго

Жүрек тарапынан бұзылулар:

- жүрек функциясының іркілген жеткіліксіздігі (сезімтал пациенттерде), миокард инфарктісінен кейін миокардтың жыртылуы

Қантамырлар тарапынан бұзылулар:

- гипотония, артериялық эмболизм, тромбоздық бұзылулар

Тыныс алу, кеуде қуысының ағзалары және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар:

- өкпе эмболиясы, ықылық

Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар:

- ішектің тесілуі, асқазаннан қан кету, панкреатит, ойық жаралы эзофагит, эзофагит, құрсақ қуысының созылуы, іштің ауыруы, диарея, диспепсия, жүректің айнуы

Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар:

- бауыр ферменттерінің артуы (мысалы, аланинаминотрансферазаның артуы, аспартатаминотрансферазаның артуы)

Тері және теріасты тіндері тарапынан бұзылулар:

- Квинке ісінуі, гирсутизм, петехиялар, экхимоз, эритема, гипергидроз, терілік жолақтар, бөртпе, қышыну, есекжем, телеангиоэктазия

Қаңқа-бұлшықет және дәнекер тіндері тарапынан бұзылулар:

- миалгия, миопатия, бұлшықет атрофиясы, остеопороз, остеонекроз, патологиялық сыну, нейропатиялық артропатия, артралгия

Жыныс мүшелері және сүт бездері тарапынан бұзылулар:

- жүйесіз етеккір оралымы

Жалпы бұзылыстар:

- шеткері ісіну, шаршау, дімкәстік, тоқтату синдромы – ұзақ емдеуден кейін кортикостероидтардың дозасын тым тез төмендету бүйрекүсті бездерінің жедел жеткіліксіздігіне, гипотонияға және өлімге әкелуі мүмкін (*Айрықша нұсқаулар* бөлімін қараңыз)

Зерттеулер:

– көзішілік қысымның артуы, көмірсулық төзімділіктің төмендеуі, несептегі кальцийдің көбеюі, қандағы сілтілік фосфатазаның артуы, қандағы мочевианың артуы, тері тестілеріне реакциялардың басылуы

Жарақаттар, уланулар және ем-шаралық асқынулар:

– сіңірлердің үзілуі (атап айтқанда, ахил сіңірі), омыртқа бағанының компрессиялық сынуы).

Перитонит асқазан-ішектік бұзылыстардың перфорация, обструкция немесе панкреатит сияқты негізгі көрсеткіштерінің белгілері немесе симптомдары болуы мүмкін (*Айрықша нұсқаулар* бөлімін қараңыз).

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаса медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласыңыз

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат - 4 мг немесе 16 мг метилпреднизолон,

қосымша заттар: повидон, тальк, магний стеараты, лактоза моногидраты, жүгері крахмалы.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Ақ немесе ақ дерлік түсті, беті жалпақ, ойығы бар дөңгелек пішінді таблеткалар (4 мг дозасы үшін).

Ақ немесе ақ дерлік түсті, беті жалпақ, бір жақ бетінде ойығы және сызығы бар дөңгелек пішінді таблеткалар (16 мг дозасы үшін).

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 таблеткадан поливинилхлоридті (ПВХ) үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға немесе 30 таблеткадан алғаш ашылғаны бақыланатын, пропиленнен жасалған бұралатын қақпағы бар, тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған құтыға салынған.

Құтыға өздігінен желімденетін заттаңба жапсырылған.

3 пішінді ұяшықты қаптамадан немесе 1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

2.5 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәлімет

«ВИВА ФАРМ» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Дегдар к-сі, 33

Тел.: +7 (727) 383 74 63, факс: +7 (727) 383 74 56

Электронды пошта: pv@vivapharm.kz

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«ВИВА ФАРМ» ЖШС, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Дегдар к-сі, 33

Тел.: +7 (727) 383 74 63, факс: +7 (727) 383 74 56

Электронды пошта: pv@vivapharm.kz

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«ВИВА ФАРМ» ЖШС, Қазақстан Республикасы

050030, Алматы қ., Дегдар к-сі, 33

Тел.: +7 (727) 383 74 63, факс: +7 (727) 383 74 56

Электронды пошта: pv@vivapharm.kz